

№5 ХАТТАМА

Өткізілген күні: «1» ақпан 2024 жыл

Қатысқандар: мүшелері

КҮН ТӘРТІБІ:

- Мектепте жалпыға міндетті құқықтық оқу жоспарын жүзеге асыру туралы есепті тыңдау.
- Мектеп кештері мен би кештерінде мұғалімдер мен ата-аналардың кезекшілігін ұйымдастыру және бекіту.

ТАЛҚЫЛАУ БАРЫСЫ:

1. Бірінші мәселе бойынша: Тыңдалды: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Каепов А.М сөз алды. Ол мектепте бекітілген «Жалпыға міндетті құқықтық оқу жоспарының» орындалу барысы туралы есеп берді. Жоспарға сәйкес, 1-11 сынып оқушылары арасында «Құқық және міндет», «Заң және тәртіп» тақырыптарында сынып сағаттары, дөнгелек үстелдер мен құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесулер өткізілгенін айтты. Оқушылардың заңды білу және құқықтық сауаттылық деңгейі артқанын, мектеп ішінде өрескел құқық бұзушылықтар тіркелмегенін атап өтті.

Сұрақ ата-аналар комитетінің төрағасы Хуанган Ж: -Құқықтық оқу аясында киберқылмыс пен интернеттегі қауіпсіздік мәселелері қаралды ма?- деп сұрады. Жауап: жоғары сыныптар үшін «Кибербуллинг және интернеттегі жауапкершілік» тақырыбында арнайы дәрістер өткізілгенін және бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді.

2. Екінші мәселе бойынша: Тыңдалды: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Каепов А.М мектепте өткізілетін мәдени-бұқаралық шаралар мен мерекелік кештерде (жаңа жыл, мектеп бітіру, тақырыптық би кештері т.б.) оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін көтерді. Кештер барысында тәртіп бұзушылықтың алдын алу үшін педагогтер мен ата-аналардан құралған арнайы кезекшілік кестесін құру қажеттігін алға тартты. Кезекшілер мектеп дәліздерін, кіреберісті және мектеп ауласын тұрақты бақылауда ұстауы тиіс екенін ескертті. Сынып жетекші би кештеріне тек осы мектептің оқушылары ғана қатысуы керектігін, бөтен тұлғалардың кіруіне қатаң тыйым салу қажеттігін қолдады. Сондай-ақ, кезекшілікке ата-аналарды тарту ісін сынып жетекшілері үйлестіретінін айтты.

ШЕШІМ:

- Бірінші мәселе бойынша: Мектептегі «Жалпыға міндетті құқықтық оқу жоспарының» атқарылуы туралы есеп қанағаттанарлық деп танылсын.
- Сынып жетекшілері мен құқық пәні мұғалімдеріне оқушылардың құқықтық мәдениетін арттыру бағытындағы жұмыстарды (әсіресе лудомания және буллингтің алдын алу бойынша) тұрақты түрде жалғастыру жүктелсін.
- Мектепшілік іс-шаралар мен би кештеріндегі мұғалімдер мен ата-аналардың кезекшілік кестесі бекітілсін (кесте хаттамаға қосымша ретінде тіркеледі).
- Мектептің Вахтерлық қызметі мен кезекші әкімшілікке кеш кезінде бейтаныс адамдарды ғимаратқа жібермеу және қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау міндеттелсін.
- Шараның өту уақыты нақты белгіленіп, кеш аяқталғаннан кейін оқушылардың үйлеріне аман-есен қайтуын ата-аналар тарапынан қадағалау қамтамасыз етілсін.

Хатшы:



Арингазина Д.Д